



**«Момынай» жалпы орта білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**2025-2026 оқу жылына
арналған**

әдістемелік жұмыс жоспары



VIII.2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік кеңес отырыстарының жылдық жоспары

Әдістемелік кеңес №1 Тақырыбы: «Адал азамат-жоспарлы іс, нұсқаулы қадам, жүйелі ақпараттың жемісі»	Мерзімі	Жауапты	Материалдар
1. 2025-2026 оқу жылына оқу жылына әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын бекіту 2. Бейіндік курстар мен факультативтік сабақтардың жоспарын қарастыру. 3. Әдістемелік- нұсқау хатпен таныстыру. 4. Дарынды оқушыларды анықтау мақсатында диагностика жүргізу, дарынды балалар тізімін жасау 5. Пән бірлестіктерінің апталықтарын өткізу кестесін бекіту. 6. Шығармашылық топ мүшелерін тағайындау. 7. «Функционалдық сауаттылық: PISA талаптарына сәйкес оқушыларды даярлау»	Қыркүйек	Л.Кертаева Ж. Байтилеуов С.Исаев Л.Кертаева К.Тленшиева С.Исаев	Жоспар, жинақтама материалдар ӘНХ
Әдістемелік кеңес №2 Тақырыбы: «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-сапалы білім берудің негізі» 1.Баяндама: « Функционалдық сауаттылық заман талабы» 2. Баяндама: «ЖИ технологиялары негізінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» 3.Баяндама: «Кәсіптік бағдарлау арқылы оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын дамыту» 4. Мектепшілік жоғарғы буын пән олимпиадасына дайындық жұмысы 5. «Руханият» қазақ тілі мен әдебиеті «Балдаәурен» бастауыш сыныптар ӘБ апталық есебі 5.PISA оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру зерттеу жұмысы бойынша мониторинг талдау жасау	Қараша	Л.Кертаева Г.Нурекеева Ж.Қасымбаева Ж.Турсумбаева С.Исаев Г.Нурекеева Ж.Қасымбаева	Баяндамалар Жоспар, жинақтама материалдар PISA тапсырмала- рының талдау жинағы
Әдістемелік кеңес №3 Тақырыбы: «Дарынды оқушылармен жұмыс: заманауи әдістер мен инновациялық тәжірибелер» 1.Баяндама: «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» 2. Жоғарғы буын оқушыларының аймақтық, аудандық пән олимпиадасының қорытындысы 3. «Шежіре» тарих, қоғамтану, жаһандық құзыреттілік пәндері әдістемелік бірлестігі апталығының қорытынды есебі 4.Сабақтарға ену жұмысына талдау жасау	Қаңтар	Л.Кертаева С.Исаев Г.Иманалиева	Баяндама Жинақ материалдар

**«Момынай» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі**

**Тақырыбы: «Адал азамат-жоспарлы іс, нұсқаулы қадам, жүйелі
ақпараттың жемісі»**

29.08.2025жыл

Хаттама №1

Қатысқандар- 53

Қатыспағандар-жөк

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жұмысының жоспарын бекітуге ұсыну. Л.Кертаева
2. Бейіндік курстар мен факультатив сабақтарының жоспарын қарастыру. Ж.Байтилеуов
3. Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Ж.Байтилеуов
4. Дарынды оқушыларды анықтау мақсатында диагностика жүргізу, дарынды балалар тізімін жасау. С.Исаев
5. Пәндер бірлестігінің апталықтар өткізу кестесін бекіту. Л.Кертаева
6. Шығармашылық топ мүшелерін тағайындау. К. Тленшиева
7. «Функционалдық сауаттылық: PISA талаптарына сәйкес оқушыларды даярлау» мәселесі. С.Исаев

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Алғашқы сөз кезегін әдістемелік кеңес жетекшісі Л. Кертаева алды. Ол өз сөзінде 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарына тоқталып, жоспардың негізгі мақсат-міндеттерін түсіндірді. Жоспарда мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру, оқыту сапасын жақсарту, заманауи білім беру технологияларын, ЖИ тиімді қолдану, сондай-ақ оқушылардың білім сапасын арттыру бағытында атқарылатын жұмыстар қамтылғанын атап өтті. Сонымен қатар әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жүйелі ұйымдастыру, мұғалімдердің тәжірибе алмасуын дамыту және оқу-тәрбие үдерісінің сапасын көтеру мақсатында бірқатар іс-шаралар жоспарланғанын айтты.

2. Келесі сөзді С.Исаев алды. Бейіндік және факультатив курстардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары қаралып, олардың мазмұны мен құрылымы талқыланды. Курстардың оқу бағдарламасына сәйкестігі, оқу мақсаттарының нақтылығы және сабақтардың жүйелі ұйымдастырылуы қарастырылып, кейбір тақырыптарға толықтырулар мен нақтылаулар енгізу жөнінде ұсыныстар айтылды.

		С.Исаев	
5. PISA оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, зерттеу жұмысы бары			

Әдістемелік кеңес №4 Тақырыбы: «Жасанды интеллект пен АКТ: білім берудегі жаңа мүмкіндіктер»	Наурыз	С.Исаев Л.Кертаева	Тәжірибе, нәтиже, педагогикалық көмек
1. «Оқытудың жаңа АКТ мен ЖИ меңгеру – қазіргі заман талабы» баяндама		С.Умыралиева	Баяндама
2. Шебер сынып: «Білім классі сайтында жұмыс жасау»		Ж.Байтилеуов	Жинақ есептер,
3. Облыстық ғылыми жобалар, пән олимпиадалар, сайыстардың қорытындысы		С.Исаев	
4. «Словесник» орыс тілі, ағылшын тілдері, «Ғаламшар» география, химия, биология пәндері мен «Топ жарған» дене шынықтыру, АӘД пәндері әдістемелік бірлестіктерінің апталық қорытынды есебі		Г.Есмағамбетова П.Дандибаева Д.Бектұрғанов	
5. Оқушылардың білім сапасын көтерудегі пән мұғалімдерінің есебі.			ББЖМ мен ҰБТ дайындық баарысы құжаттары
6. 4-9 сынып оқушыларының ББЖМ-ге, 11 сынып оқушыларының ҰБТ дайындық барысы		С.Исаев Л.Кертаева	
7. PISA оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, зерттеу жұмысы барысы			
Әдістемелік кеңес №5 Тақырыбы: «Жас маман – ізденістері мен жетістіктері».	Мамыр		Жас мамандардың өз білімін жетілдіру көрсеткіші
1. Жас мамандардың портфолиосымен танысу		Л.Кертаева	
2. «МИФ» информатика, физика, математика пәндері а.б. апталық есебі		Г. Алиева	
3. 4-9 сынып оқушыларының ББЖМ қорытындысының есебі		Л.Кертаева	Мектептегі жүргізілген жұмыстарға талдау жасау, нәтижесін көрсету
4. Шығармашылық топтар есебі.		К.Тленшиева	
5. Мектепшілік факультатив, бейінді курстар жұмысының қорытындысы.		Ж.Байтилеуов	
6. Оқу жылындағы педагог кадрлардың кәсіби педагогикалық біліктілігінің қорытындысы		С.Исаев	
7. Әдістемелік бірлестіктердің жылдық есебі		Л.Кертаева	

ДОЖЖО:  Л.Кертаева

3. Ж.Байгилеуов 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқау хаттың негізгі бағыттары мен талаптары таныстырылды.

2025–2026 жаңа оқу жылында білім беру сапасын арттыру, тәрбие жұмысын жетілдіру,

білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету секілді маңызды міндеттер тұрғандығы жайында сөз етілді.

Аталған міндеттерді іске асыру мақсатында әзірленген әдістемелік нұсқау хат педагогтерге

оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруда көмекші құрал болатындығы айтылды.

2025–2026 жаңа оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатта келесі бағыттар қамтылған:

- оқу бағдарламаларының мазмұнын сапалы іске асыру;
- оқу жетістіктерін бағалау және академиялық адалдықты ұстану;
- мектепке дейінгі және бастауыш білім арасындағы сабақтастық;
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде тәрбие жұмысын жүзеге асыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау;
- педагогтер мен мектеп басшыларының үздіксіз дамуы;
- ауыл мен шағын жинақты мектептердің әлеуетін көтеру;
- педагогтердің ғылыми мақала жазуына, зерттеу жұмыстарын жүргізуіне әдістемелік қолдау көрсету.

Жоғарыда айтылған тақырыптар туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

4. С.Исаев оқушылар арасынан дарынды және қабілетті балаларды анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізу қажеттілігі атап өтілді. Осы бағытта пән мұғалімдері тарапынан бақылау, тестілеу, түрлі шығармашылық және зияткерлік тапсырмалар арқылы оқушылардың қабілетін айқындау және дарынды оқушылардың тізімін қалыптастыру мәселесі қарастырылды.

5.Кезекті сөзді Л.Кертаева алды. Ол, пән бірлестіктерінің апталықтарын өткізу мерзімі мен мазмұнын талқыланды. Апталық барысында өткізілетін ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, танымдық байқаулар мен пәндік жарыстардың жоспары қарастырылып, оларды ұйымдастырудың тиімді жолдары белгіленді.

6. Сөз кезегін «Білім нұры» шығармашылық тобының жетекшісі К.Тленшиева алды. Ол өз сөзінде, мектептегі әдістемелік жұмысты жетілдіру мақсатында шығармашылық топтың құрамы ұсынып, оның негізгі міндеттерін атап өтті. Шығармашылық топ мүшелеріне оқу үдерісіне

инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, тәжірибе алмасу және әдістемелік жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу тапсырылды.

7. ДБЖЖО С. Исаев оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және халықаралық зерттеу талаптарына сәйкестендіру мақсатында PISA форматындағы тапсырмаларды оқу үдерісінде қолдану мәселесі қарастырды. Мұғалімдерге сабақ барысында өмірмен байланысты тапсырмаларды қолдану, оқушылардың сыни ойлауын дамыту және мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру бағытында ұсыныстар берді.

ШЕШІМ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жоспары бекітуге ұсынылсын.
2. Бейіндік және факультатив курстардың жоспарлары бекітіліп, бекітуге ұсынылсын.
3. Әдістемелік-нұсқау хат негізінде жұмыс ұйымдастырылсын.
4. Қыркүйек айында дарынды оқушыларды анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізілсін және тізімі жасалсын.
5. Пән апталықтарының кестесі бекітілсін.
6. Шығармашылық топ мүшелері тағайындалып, жұмыс жоспары құрылсын.
7. Сабақ барысында PISA форматындағы тапсырмалар жүйелі түрде қолданылсын.

Әдістемелік кеңес төрағасы:  Л.Кертаева

Хатшы:  П.Дандибаева

«Момынай» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Тақырыбы: «Мұғалімнің кәсіби күзіреттілігі-сапалы білім берудің негізі»
03.11.2025жыл**

Хаттама №2

Қатысқандар-53

Қатыспағандар -жөк

Күн тәртібінде:

1. Баяндама: «Функционалдық сауаттылық заман талабы» Л.Кертаева
2. Баяндама : «ЖИ технологиялары негізінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» Ж. Қасымбаева Ж.Нурекеева
3. Баяндама: «Кәсіптік бағдарлау арқылы оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын дамыту» Ж.Турсумбаева
4. Мектепшілік жоғары буын пән олимпиадасына дайындық жұмысы. С.Исаев
5. «Руханият» қазақ тілі мен әдебиеті, «Балдәурен» бастауыш сыныптар ӘБ апталық есебі
6. PISA оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру зерттеу жұмысы бойынша мониторинг талдау жасау

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша әдістемелік кеңес жетекшісі:Л.Кертаева «Мұғалімнің кәсіби күзіреттілігі-сапалы білім берудің негізі»тақырыбында мұғалімдерге түсіндірме жұмысын жүргізе отырып,мұғалім кәсіби тұрғыдан үнемі жан-жақты ізденісте болып даму арқылы ғана оқушыға сапалы білім,саналы тәрбие беретінін айтып өтті. Мұғалім дамымай оқушы дамымайды. Қазіргі заманғы ақпараттық және білім беру технологияларын пайдаланбай, оқушы мен мұғалімнің жұмысының сапасын арттырамын деуге болмайды. Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов “Білім-біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы” деп, білім мен біліктілік жайлы үлкен ой айтқан. Сондықтан да білім берудің нәтижелігі мұғалімнің шеберлігі, шығармашылығы мен оның тікелей кәсіби құзыреттілігіне байланысты.
Білім берудегі негізгі мақсат - тек білімді, дарынды, кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Жаңа заман талабына сай жеке тұлғаны қалыптастыру білім беру мен тәрбие үдерісінде жүзеге асырылатындықтан, білім мазмұнын тандауда әр баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру мәселесі тереңірек, әрі нақтырақ қарастырылады деп сөзін аяқтады.

2. Екінші мәселе бойынша қазақ тілі пәні мұғалімі Г. Нурекеева және бастауыш сынып пәні мұғалімі Ж. Қасымбаева **«ЖИ технологиялары негізінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту»** тақырыбында баяндама оқыды. Олар өз баяндамасында Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын білім процесіне енгізу. ЖИ тек ақпаратты өңдеуге көмектесіп қана қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қуатты құралға айналды. Себебі шығармашылық – болашақ маманның басты құзыреттерінің бірі. 1. ЖИ технологияларының білім берудегі рөлін айтып өтті. Ақпаратты тез іздеу және талдау Оқушыларға көлемді мәліметті сараптап, негізгісін ажыратуға мүмкіндік береді. ЖИ әр оқушының қабілетіне, қызығушылығына қарай тапсырма ұсынып, шығармашылық бағытта жұмыс істеуге жағдай жасайды. ЖИ оқушының ойлау шеңберін кеңейтіп, жаңа, тың идеялар ұсынуға ынталандырады. ЖИ негізіндегі платформалар (ChatGPT, Copilot, Canva AI, Khanmigo) тапсырмаларға жедел кері байланыс береді. ЖИ оқушыға әңгіме, эссе, сценарий құрастыруда бағыт береді. ЖИ зерттеу жұмыстарының құрылымын жоспарлап, идеяларды талдауға көмектеседі. ЖИ оқушылардың техникалық шығармашылығын дамытады. Мұғалім оқушының шығармашылық жұмысын ЖИ-дың дайын мәліметін көшіруге емес, өз ойымен толықтырып, дамытуға үйретеді. Оқушыларға ЖИ-ды көмекші құрал ретінде қолдануды түсіндіру керек.

Қорытындылай келе ЖИ технологиялары – оқушы шығармашылығын дамытудағы таптырмас құрал. Ол жаңа идеяларды тез табуға, ақпаратты талдауға, визуалды, музыкалық, ғылыми және техникалық шығармашылықты жетілдіруге мүмкіндік береді. Дегенмен педагогтің негізгі міндеті – ЖИ мүмкіндіктерін оқушының жеке ойлау, қиялдау, зерттеу қабілеттерін дамытуға бағыттау. Қазіргі білім берудің басты мақсаты – шынайы өмірде қолдана алатын, ойы ұшқыр, креативті тұлға қалыптастыру. Жасанды интеллект бұл мақсатқа жетуде маңызды рөл атқарады деп сөзін аяқтады.

3. Үшінші мәселе бойынша кәсіптік бағдар беру пәнінің мұғалімі Ж.Турсумбаева «Кәсіптік бағдарлау арқылы оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын дамыту» тақырыбында баяндама оқыды. Ол өз сөзінде қазіргі қоғамда еңбек нарығының жылдам өзгеруі, жаңа мамандықтардың пайда болуы және цифрлық технологиялардың дамуы оқушылардың болашақ кәсіби жолын саналы түрде таңдауды талап етеді. Осы тұрғыда кәсіптік бағдарлау жұмысы – білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі. Кәсіби өзін-өзі анықтау – оқушының өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін,

4. қызығушылықтарын, өмірлік мақсаттарын түсініп, болашақ мамандығын саналы түрде таңдауы. Оқушының дұрыс мамандық таңдауына ықпал етеді. Ерте жасалған бағдар болашақ қателік ықтималдығын азайтады. Жеке тұлғаның өзін-өзі тануына мүмкіндік береді. Кәсіптік бағдар өмірлік жоспар құруға көмектеседі. Ата-ананың мамандық таңдаудағы ықпалы өте

жоғары. Сондықтан ата-аналар жиналысында кәсіби бағдар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Оқу орны – ата-ана – оқушы серіктестігі. Мамандық таңдау ұшжақты келісімді талап етеді.

Қорытындылай келе кәсіптік бағдарлау – тек мамандық таңдату емес, бұл оқушының жеке дамуын, өзін тануын, өмірлік жолын жоспарлауын қамтамасыз ететін кешенді процесс. Оқушылар өз қабілеті мен қызығушылығына сай бағыт таңдай алғанда ғана кәсіби өзін-өзі анықтауы табысты жүзеге асады. Мектептің міндеті – бағыт беру, қолдау көрсету, мүмкіндіктер ашу. Ал саналы таңдау – оқушының болашағын айқындайтын маңызды қадам деп сөзін аяқтады.

5. «Руханият» қазақ тілі мен әдебиеті, «Балдәурен» бастауыш сыныптар ӘБ апталық есебі тыңдалды. Отырыста «Руханият» қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ жетекшісі Ж.Қасымбаева және «Балдәурен» бастауыш сыныптар ӘБ

Г.Нурекеева жетекшісі өткізілген апталықтың қорытынды есебін ұсынды. Есепте апталық аясында ұйымдастырылған ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, оқушылардың белсенділігі мен шығармашылық жұмыстары туралы толық мәлімет берілді. Сабақтарда қолданылған жаңа әдіс-тәсілдер мен олардың тиімділігі ерекшеліктерімен атап өтілді. Пән мұғалімдерінің кәсіби шеберлігі мен өзара тәжірибе алмасу деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды.

6. Төртінші мәселе бойынша мектепшілік жоғары буын пән олимпиадасына дайындық жұмысы жөнінде пән мұғалімдері олимпиадаға дайындаудың тиімді жолдары жөнінде айтып өтті. Жалпы білім беретін мектептерде пән олимпиадалары – оқушылардың ғылыми-шығармашылық қабілеттерін, логикалық ойлауын, пәнді терең меңгеруін дамытуға бағытталған маңызды шара. Жоғары буын (9–11 сынып) оқушыларын олимпиадаға дайындау – арнайы жоспарланған, жүйелі және ғылыми-әдістемелік ұстанымдарға негізделген процесс. Бұл жұмыс оқушының жеке дарындылығын ашуға, ғылыми ойлауын қалыптастыруға және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Дарынды оқу үлгерімі жоғары оқушыларды анықтау барысында негізгі пәндерден мектепшілік олимпиада өткізіліп, жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушылар аудандық кезеңге өтті.

Олимпиадалық дайындықтың нәтижелілігін арттыру шарттары:

Дарынды оқушылармен жүйелі, жоспарлы жұмыс;

Мұғалімнің олимпиада методикасын жетік білуі;

Мектеп әкімшілігінің қолдауы;

Оқушылардың жеке мотивациясын көтеру;

Ата-анамен байланыс орнату;

Оқушының денсаулық, демалыс режиміне көңіл бөлу.
Қорытындылай келе жоғары буын пән олимпиадасына дайындық – ұзақ, күрделі, бірақ нәтижелі процесс. Дұрыс ұйымдастырылған дайындық оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, ғылыми ойлауын дамытады, білім сапасын жақсарттады және мектептің жалпы жетістігіне он әсерін тигізеді. Олимпиадаға дайындалған оқушылар – болашақта ғылыми салада, техникалық бағыттарда немесе кәсіби мамандықтарда табысты бола алатын жеке тұлғалар.


6. Бесінші мәселе бойынша PISA оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру зерттеу жұмысы бойынша мониторинг талдау жасау бойынша әдістемелік кеңес жетекшісі С.Исаев «Функционалдық сауаттылық заман талабы» тақырыбында баяндама оқыды. Ол өз баяндамасында Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым – қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым – қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым – қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан

кұралады.

Функционалдық сауаттылық – оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады. Жинақтай алғанда, функционалдық сауаттылық оқушының жеке тұлғасының дамуына ықпал ететін айтып өтті.

ШЕШІМ:

1. «Функционалдық сауаттылық заман талабы» тақырыбында оқыған Л.Кертаеваның баяндамасы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. «ЖИ технологиялары негізінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» ЖҚасымбаева мен Г.Нурекееваның баяндамасы қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Ж. Турсумбаеваның «Кәсіптік бағдарлау арқылы оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын дамыту» тақырыбындағы жұмысы тәжірибе жүзінде ұсынылсын.
4. Мектепшілік жоғары буын пән олимпиадасына дайындық жұмысы жандандырылсын.
5. PISA оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру зерттеу жұмысы бойынша мониторинг талдау жасау жұмысы жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрағасы:  Л.Кертаева

Хатшы:



П.Дандибаева

**«Момынай» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі**

**Тақырыбы: «Дарынды оқушылармен жұмыс: заманауи әдістермен
инновациялық тәжірибелер»**

05.01.2026жыл

Хаттама №3

Қатысқандар- 53

Қатыспағандар- жоқ

Күн тәртібінде:

- 1.Баяндама: «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары»
Л.Кертаева
- 2.Жоғары буын оқушыларының аймақтық, аудандық пән олимпиадасының
қорытындысы. С.Исаев
- 3.Гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігі апталығының есебі.
Г.Иманалиева
- 4.Сабаққа ену жұмысына талдау жасау.
1. 5. PISA оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру зерттеу
жұмысы бойынша мониторинг талдау жасау

Тындалды:

1. Алғашқы сөз кезегін Л.Кертасва алды. Өз баяндамасын «Оқушыларды
ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» тақырыбында жасады.
Л.Кертаева дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу-олардың қабілеттерін
дамытуға,шын армашылық әлеуетін ашуға және жетістіктерге жетуге
бағытталған арнайы әдістемелік жүйе екенін айта келе,мұндай жұмыс келесі
бағыттарды қамтитындығын айтып өтті.
- 1.Дарынды оқушыларды анықтау;
- 2.Жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
- 3.Қосымша білім беру және дамыту жұмыстарын жүргізу;
- 4.Олимпиадалар мен байқауларға дайындау;
- 5.Психологиялық және мотивациялық қолдау көрсету.

Дарынды оқушылармен жұмысты жетілдіру мақсатында ғылыми-зерттеу
дағдыларын калыптастыру, жобалық оқыту, саралап оқыту және цифрлық
платформаларды тиімді пайдалану жолдары қарастырылды. Оқушыларды
олимпиада мен ғылыми жобаға дайындаудың жүйелі жоспары ұсынылды.

2. Екінші мәселе жоғары буын оқушыларының аймақтық, аудандық пән
олимпиадасының қорытындысы бойынша С.Исаев 2025-2026 оқу жылында
9,10,11-сыныптар арасында өткен аймақтық пән олимпиадасына мектебімізден

қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағытта да барлық пәндерден оқушылардың қатысқандығын айтты. Аймақтық кезеңнен өткен оқушылардың аудандық кезеңге өтетіндігін айта келе, пән мұғалімдеріне сол оқушылармен жұмысты жандандырып, нәтижеге қол жеткізетіндей етіп дайындау керектігін айтып өтті. Аудандық олимпиаданың қорытындысы нәтижесінде төмендегі оқушылар жүлделі орындарға ие болды.

9 сынып оқушысы: Дәрмен Ерсұлтан физика III орын

9 сынып оқушысы: Әмірілі Кәусар III орын

10 сынып оқушысы Тәліп Айсұ Қызақстан тарихы III орын

10 сынып оқушысы: Азирбай Сырғалым қазақ тілі II орын

10 сынып оқушысы: Жаркынбай Шұғыла құқық негіздері I орын

11 сынып оқушысы: Октябрь Бисұлтан математика III орын

11 сынып оқушысы: Төлебекова Арайлым III орын

11 сынып оқушысы : Асанхан Гүлім ағылшын тілі III орын

11 сынып оқушысы: Есімхан Айсұлу құқық негіздері III орын. Оқушыларымыз жоғарыдағыдай нәтиже көрсетті. Олимпиадаға дайындық жасаған пән мұғалімдеріне алғыс білдірілді.

3. Үшінші мәселе «Руханият» тарих, қоғамтану, жаһандық құзыреттілік пәндерінің әдістемелік бірлестік жетекшісі Г.Иманалиева сөз алды. Желтоқсан айының 08-12.12.2025 жыл аралығында «Руханият» бірлестігі апталығының іс-шарасы өткізілді, іс-шараға жоспар жасалып бекітілді. Жоспарға әр сыныпқа бір ашық сабақ, бір сыныптан тыс іс-шаралар қойылып, жоспар бойынша өткізілді. Ашық сабаққа ұстаздар кіріп сабақ талқыланды, 12- желтоқсанда апталық жабылуында 5-10 сыныптар арасында «Білімді ел – ұрпақ болашағы» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізіліп, апталыққа белсенс қатысқан оқушылар марапатталғанын айтып өтті.

4. Төртінші мәселе Сабаққа ену жұмысына талдау жасау бойынша әдістемелік бірлесітік жетекшілері сабақ басындағы ұйымдастыру кезеңін бағалау және жетілдіру үдерісі екенін, бұл талдау мұғалімнің сабаққа дайындық деңгейін, оқушылардың назарын арттыру үшін қолданылған әдістердің тиімділігін анықтауға көмектесетінін айтып өтті. Сабаққа еніп, талдау жасау барысында назар аудару керектігі айтылып өтілді

7. Бесінші мәселе PISA оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру зерттеу жұмысы бойынша 9 сыныптар арасында дайындақ жұмыстары жүргізіліп отырады. Бүгінгі таңда еңбек нарығында терең теориялық білім бар мамандар ғана емес, саонымен қатар өзгерістерге тез жауап бере алатын жаңа нәрселерді үйреніп, білімді іс жүзінде қолдана алатындар бағаланады. Дәл осындай адамдар функционалды сауатты болып саналады. Функционалды сауаттылық оқу, математикалық, жаратылыстану ғылыми, қаржылық және компьютерлік сауаттылықты, сондай-ақ жаһандық ойлау мен шығармашылықты біріктіретін дағдылар мен құзіреттердің жиынтығы. Функционалды сауаттылықтың маңызды

компоненттерінің бірі-оқу сауаттылығы. Функционалдық сауаттылық-бұл адамның өмір бойы алған білімін адам қызметінің қарым-қатынастың және әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларындағы өмірлік міндеттердің кең ауқымын шешу үшін

пайдалану қабілеті екендігі жайлы сөз қозғалды. Функционалдық сауаттылық бойынша 9 сынып оқушыларымен біршама жұмыстардың жүргізілгендігі айтылды.

ШЕШІМ:

1. Л.Кертаеваның «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» тақырыбында оқыған баяндамасы қанағаттанарлық деп табылып, мектепшілік тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілсін.
2. Жоғары буын оқушыларының аймақтық, аудандық пән олимпиадасының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
3. «Руханият» тарих, қоғамтану, жаһандық құзыреттілік пәндері әдістемелік бірлестігі апталығының есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. Сабаққа ену жұмысына талдау жасалынсын.
5. PISA оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру зерттеу жұмысы бойынша дайындақ жұмыстары жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрағасы:

Хатшы

Л.Кертаева

П.Дандибаева

**«Момынай» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі**

**Тақырыбы: «Жасанды интеллект пен АКТ: білім берудегі жаңа
мүмкіндіктер»**

26.03.2026жыл

Хаттама №4

Қатысқандар- 53

Қатыспағандар-жөк

Күн тәртібінде:

1. «Оқытудың жаңа АКТ мен ЖИ меңгеру – қазіргі заман талабы» баяндама.
Л.Кертаева
2. Шебер сынып: «Білім класс сайтында жұмыс жасау» Ж.Байтилеуов
3. Облыстық ғылыми жобалар, пәндік олимпиадалар, сайыстардың
қорытындысы.С.Исаев
4. «Словесник» орыс тілі, ағылшын тілдері, «Ғаламшар» география, химия,
биология пәндері мен «Топжарған» дене шынықтыру, АӘД пәндері әдістемелік
бірлестіктерінің апталық қорытынды есебі. Г.Есмагамбетова,
П.Дандибаева.Д.Бектұрғанов
5. Оқушылардың білім сапасын көтерудегі пән мұғалімдерінің есебі.
6. 4-9 сынып оқушыларының ББЖМ-ге, 11 сынып оқушыларының ҰБТ дайындық
барысы.С.Исаев Л.Кертаева
7. PISA оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, зерттеу жұмысы
барысы

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алғашқы сөзді биология пәні мұғалімі
Л.Кертаева алды.

Ол, «Оқытудың жаңа АКТ мен ЖИ меңгеру – қазіргі заман талабы»
тақырыбында баяндама оқыды.

Баяндамашы өз сөзінде қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық-
коммуникациялық технологиялар мен жасанды интеллектті (ЖИ) тиімді
қолданудың маңыздылығына тоқталды. АКТ құралдары арқылы оқыту сапасын
арттыру, білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту, сондай-ақ ЖИ
мүмкіндіктерін пайдалану арқылы оқу процесін жетілдіру жолдары

қарастырылды. Сонымен қатар, заманауи технологияларды меңгеру – мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің маңызды бөлігі екендігі атап өтілді. Баяндамада практикалық мысалдар келтіріліп, жаңа технологияларды сабақ барысында қолдану тиімділігі көрсетілді.

К.Тленшиева – баяндама бойынша пікір білдіріп, тақырыптың өзектілігін атап өтті.

2. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша ДОЖЖО Ж.Байтилеуов алды. «Білім класс сайтында жұмыс жасау» тақырыбында шебер сынып өткізді. Шебер сынып барысында баяндамашы «Білім класс» білім беру платформасының мүмкіндіктерімен таныстырып, сайтта жұмыс жасау жолдарын кезең-кезеңімен көрсетті. Атап айтқанда, платформаға тіркелу, жеке кабинетпен жұмыс, оқу материалдарын жүктеу, тапсырмалар құрастыру және оқушылардың білімін бағалау тәсілдері түсіндірілді. Сонымен қатар, сайтты тиімді пайдалану арқылы оқу процесін цифрландыру, уақытты үнемдеу және білім сапасын арттыру мүмкіндіктері қарастырылды. Қатысушылар практикалық тапсырмалар орындап, өз тәжірибелерінде қолдану жолдарын меңгерді.

3. Кезекті мәселе бойынша ДБЖЖО С.Исасев сөз алды. облыстық деңгейде өткізілген ғылыми жобалар, пәндік олимпиадалар және түрлі білім сайыстарының қорытындысы туралы баяндама жасады. Баяндамада білім алушылардың жетістіктері, жүлделі орындары, қатысу белсенділігі және дайындық жұмыстарының нәтижелері сараланды. Сонымен қатар, оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығының артып келе жатқаны, пәндік олимпиадалардағы білім сапасының деңгейі атап өтілді. Жетекші мұғалімдердің еңбегі, оқушыларды дайындаудағы тиімді әдіс-тәсілдері көрсетіліп, алдағы уақытта жетістіктерді арттыру жолдары ұсынылды. Кейбір бағыттар бойынша кемшіліктер де айтылып, оларды жою мақсатында нақты ұсыныстар берілді.

ДОЖЖО Ж.Байтилеуов сөз сөйлеп, ғылыми жоба бойынша, Облыстық олимпиадаға қатысушылар мен оқушымен дайындық жүргізген пән мұғалімдерінің жетістіктерін атап өтіп, мұғалімдердің еңбегіне оң баға берді.

Сонымен қатар дайындық жұмыстарын жетілдіру қажеттігін айтып, ұсыныстар білдірді.

4. Кезекті сөз кезегі «Словесник», «Ғаламшар», «Топжарған» әдістемелік бірлестіктерінің жетекшілеріне берілді. Аталған апталық аясында пән мұғалімдері ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, зияткерлік ойындар, пәндік сайыстар және түрлі тәрбиелік шаралар ұйымдастырды. Іс-шаралар барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылық және танымдық белсенділіктері жоғары деңгейде көрінді.

«Словесник» әдістемелік бірлестігі бойынша тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған сабақтар мен байқаулар өткізілді. «Ғаламшар» бірлестігі жаратылыстану бағытында тәжірибелік жұмыстар мен зерттеу элементтерін қамтыған іс-шаралар ұйымдастырды. Ал «Топжарған» бірлестігі оқушылардың дене дайындығын арттыру, патриоттық тәрбие беру бағытында спорттық жарыстар мен әскери-спорттық ойындар өткізді.

Апталықты ұйымдастыру мен өткізу барысында мұғалімдер өзара тәжірибе алмасып, заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білді. ӨБ жетекшілері Г. Есмағамбетова – апталықтың жақсы деңгейде өткенін және мұғалімдердің белсенділігін ерекше атап өтті.

П. Дандибаева – өткізілген іс-шаралардың мазмұндылығына тоқталып, оқушылардың қатысу белсенділігін жоғары бағалады.

Д. Бектұрғанов – пән апталығының маңыздылығын атап өтіп, алдағы уақытта осындай жұмыстарды жалғастыру қажеттігін ұсынды.

5. С.Исаев пән мұғалімдерінің оқушылардың білім сапасын арттыру бағытындағы атқарған жұмыстары туралы есеп берді.

Есеп барысында білім сапасын көтеру мақсатында жүргізілген жұмыстарға талдау жасалды. Атап айтқанда, оқушылардың білім деңгейін анықтау үшін диагностикалық жұмыстар жүргізілгені, қосымша сабақтар мен жеке жұмыстар ұйымдастырылғаны, үлгерімі төмен оқушылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізілгені айтылды.

Сонымен қатар, сабақ барысында заманауи педагогикалық технологиялар мен тиімді әдіс-тәсілдердің қолданылуы, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал еткені атап өтілді. Мұғалімдердің кәсіби

шеберлігін арттыру, тәжірибе алмасу, әдістемелік көмек көрсету жұмыстары да назардан тыс қалмады.

Есепте білім сапасын арттыру бағытында қол жеткізілген нәтижелермен қатар, кездескен қиындықтар мен оларды шешу жолдары қарастырылды.

Г.Алиева – білім сапасын арттырудағы мұғалімдердің еңбегін атап өтіп, жұмысты одан әрі жетілдіру қажеттігін айтты.

З.Зілғараева – оқушылармен жеке жұмыс жүргізудің маңыздылығына тоқталды.

6. Келесі мәселе бойынша Л.Кертаева ДОЖЖО 4–9 сынып оқушыларының ББЖМ-ге және С.Исаев ДБЖЖО 11 сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық барысы туралы есеп берді. Есеп барысында білім алушыларды қорытынды бағалау жұмыстарына дайындау мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстарға жан-жақты талдау жасалды. Атап айтқанда, ББЖМ бойынша пәндер кескінінде диагностикалық тестілеулер өткізіліп, білім сапасы мен оқу жетістіктерінің деңгейі анықталғаны айтылды. Нәтижелерге сәйкес үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар, қосымша сабақтар ұйымдастырылуда.

11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау барысында пән мұғалімдері тарапынан жүйелі түрде тест тапсырмалары алынып, нәтижелері сарапталып отырғаны баяндалды. Оқушылардың білім деңгейін арттыру мақсатында апталық жоспарлар құрылып, тақырыптық қайталау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, ата-аналармен байланыс орнатылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Дайындық барысында заманауи әдіс-тәсілдер қолданылып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға баса назар аударылуда.

7. PISA зерттеуі аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы Л.Кертаева есеп берді.

Есеп барысында білім алушылардың оқу, математикалық және жаратылыстану бағыттары бойынша функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған іс-шаралар қарастырылды. Атап айтқанда, оқушыларға өмірлік жағдаяттарға негізделген тапсырмалар беру, мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын дамыту, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер қолданылып жатқаны айтылды.

Сонымен қатар, PISA форматындағы тапсырмалар жүйелі түрде енгізіліп, диагностикалық тестілеулер жүргізілуде. Нәтижелерге талдау жасалып, оқушылардың білім деңгейін арттыру мақсатында қосымша сабақтар

ұйымдастырылуда. Пән мұғалімдері арасында тәжірибе алмасу, әдістемелік қолдау көрсету жұмыстары да жолға қойылған. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында нағыз зерттеу жұмыстары, жобалар, талдау жұмыстары жүргізіліп, олардың сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

ШЕШІМ:

1. «Оқытудың жаңа АКТ мен ЖИ меңгеру – қазіргі заман талабы» тақырыбындағы баяндама ескерілсін.
2. Мұғалімдерге «Білім класс» платформасын оқу процесінде белсенді қолдану ұсынылсын.
3. Пән олимпиадалары мен ғылымын жоба сайысында жүлделі орын алған оқушылар мен жетекші мұғалімдердің еңбегі атап өтілсін. Дарынды оқушылармен жұмысты жүйелі түрде жалғастыру ұсынылсын. Алдағы оқу жылында дайындық сапасын арттыру мақсатында нақты жоспар құрылсын.
4. «Словесник», «Ғаламшар», «Топжарған» әдістемелік бірлестіктерінің апталық жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
5. Білім сапасын арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
6. 4–9 сынып оқушыларының ББЖМ-ге, 11 сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
7. PISA форматындағы тапсырмаларды оқу процесінде кеңінен қолдану ұсынылсын. Оқушылардың зерттеу және сыни ойлау дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінсін.

Әдістемелік кеңес төрағасы:  Л.Кертаева

Хатшы:  П.Дандибаева

«Момынай» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тақырыбы: «Жас маман – ізденістері мен жетістіктері»

21.05.2026жыл

Хаттама №5

Қатысқандар- 53

Қатыспағандар- жок

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жас мамандардың портфолиосымен танысу. Л.Кертаева
2. «МИФ» пәндер апталығының қорытынды есебі. Г.Алиева
3. 4–9 сынып оқушыларының ББЖМ қорытындысының есебі. Л.Кертаева
4. Шығармашылық топтың есебі. К.Тленшиева
5. Мектепшілік факультатив және бейінді курстар жұмысының қорытындысы. Ж.Байгилеуов
6. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігінің қорытындысы . С.Исаев
7. Әдістемелік бірлестіктердің жылдық есебі. Л.Кертаева

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Жас мамандардың портфолиолары қаралып, олардың жыл бойындағы жетістіктері мен кәсіби ізденістері талқыланды. Жас педагогтердің сабақ беру сапасы мен шығармашылық белсенділігі атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Г. Алиева «МИФ» пәндері апталығының өткізілу барысы туралы есеп беріп, өткізілген ашық сабақтар мен іс-шаралардың нәтижесіне тоқталды.

3-мәселе бойынша:

Л. Кертаева 4–9 сынып оқушыларының ББЖМ қорытындысы бойынша білім сапасына талдау жасап, нәтижелерге тоқталды. ББЖМ нәтижесі тамыз айында белгілі болатындығына байланысты кейінге қалдырылды.

4-мәселе бойынша:

К. Тленшева шығармашылық топтардың жылдық жұмысы туралы есеп берді. Жүргізілген жұмыстардың тиімділігі айтылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері талданып, шығармашылық топ жұмыстарының құжаттамаларын бірізділікке келтіру қажеттігі айтылды.

5-мәселе бойынша:

Ж. Байтілеуов факультатив және бейінді курстардың қорытындысы бойынша оқушылардың қызығушылығы мен қатысу белсенділігі жөнінде мәлімет берді.

6-мәселе бойынша:

С. Исаев педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды.


7-мәселе бойынша:

Әдістемелік бірлестіктердің жылдық есебі тыңдалып, оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстар қорытындыланды. Әдістемелік жұмыстың 2025-2026 оқу жылындағы атқарған жұмысы қанағаттанарлық деп бағаланды.

ШЕШІМ:

1. Жас мамандардың кәсіби дамуын қолдау жұмыстары жалғастырылсын.
2. Пән апталықтарының сапасын арттыру бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілсін.
3. ББЖМ нәтижелері бойынша білім сапасын көтеру бағытында қосымша жұмыстар ұйымдастырылсын.
4. Факультатив және бейінді курстардың тиімділігі арттырылсын.
5. Педагогтердің кәсіби біліктілігін дамыту жұмыстары жалғасын тапсын.
6. Әдістемелік бірлестіктердің тәжірибе алмасу жұмыстары күшейтілсін.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:  Л.Кертаева

Хатшы:  П.Дандибаева